



"Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамын "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы деп қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 546 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы болып қайта аталсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 29 шілдедегі
№ 546 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Нұр-Сұлтан қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 21-117-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"21-117. "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 386-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"386. "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы."

3. "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 шілдедегі № 1048 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамында:

"Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісу бойынша)".

4. "Қазақстан Республикасының перспективалы ұлттық кластерлерін қалыптастырудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 қазандағы № 1092 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының перспективалы ұлттық кластерлерін қалыптастырудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында:

"Перспективалы ұлттық кластерлерді қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері" деген 2-бөлімде:

"Кластерлік бастамаларды мемлекеттік қолдау" деген кіші бөлімде:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамының және Ғылым қорының технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттарын бөлуі, кластерлерге қатысушы ірі кәсіпорындардың бірлесіп қаржыландыруы арқылы кластерлер үшін перспективалы ҒЗТКЖ-ні қолдау;"

5. "Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1159 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"Дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтау" деген 1-міндеттің реттік нөмірі 2-жолында "ҚИЭО" АҚ (

келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 15, 19, 34, 35, 36, 37, 38, 86, 87-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 24-жолдағы "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 53, 54-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 55, 59, 60, 61, 62-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

"Инновациялық белсенді бизнестің сындарлы мөлшерінің пайда болуы үшін алғышарттар жасау" деген 4-міндеттің реттік нөмірлері 1 және 2-жолдарындағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 80, 85-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

Ескертпеде:

аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ҚИЭО – "Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"QazIndustry" ҚИЭО – "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы".

6. "Ұлттық даму институттарының және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 450 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 41-42-43, 258-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық даму институттарының және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Индустрияны дамыту саласында:

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы

." ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Технологиялық даму саласында:

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы

;

"QazTech Ventures" акционерлік қоғамы.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жергілікті қамтуды дамыту саласында:

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы

." ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Экспортты дамыту және ілгерілету саласында:

"KazakhExport" экспортты сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы;

"KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы

." .

7. "Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарламаны бекіту және "Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 498 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестициялар тарту бойынша бағдарламада:

"Мақсаттар, мақсатты индикаторлар, міндеттер және Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері" деген 4-бөлімде:

"Нәтижелердің көрсеткіштері" деген 3-кестеде:

реттік нөмірлері 3, 4-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

"Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарында:

"Бірінші бағыт: Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту" деген бөлімде:

"3-міндет. Сауда логистикасын жақсарту және шетелдік инвесторлар мен жергілікті компаниялар арасындағы өндіру-өткізу байланыстарын дамыту" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 3, 4, 30, 71-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

Ескертпеде:

аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ҚИЭО" АҚ – "Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"QazIndustry" ҚИЭО" АҚ – "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы".

8. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарында:

"1-міндет: Өнеркәсіпті және электр энергетикасын цифрландыру" деген бөлімде:

"Іс-шаралар" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 5, 97-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 115, 116-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын.

9. "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында:

"Кәсіпкерлердің/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің құзыретін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер" деген 9-кестеде:

реттік нөмірі 3-жолдағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

"Кәсіпкерлердің/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өнімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер" деген 10-кестеде:

реттік нөмірлері 2, 3, 4-жолдардағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жолдағы "ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатура мен сөздер "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)" деген аббревиатурамен және сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысында:

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы;"

11. "Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 469 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар бойынша бірыңғай үйлестіру орталығы болып айқындалсын."